

15 шілде,
Бейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

БАСТЫ МАҚСАТ — ЭКОНОМИКАНЫ ӨРКЕНДЕТУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ. БЕЙНЕБАЙЛАНЫС РЕЖИМІНДЕ ӨТКЕН ЖИЫҢҒА ПРЕМЬЕР-МИНИСТР АСҚАР МАМИН, ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВ, ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ, ОБЛЫСТАР МЕН НҰР-СҰЛТАН, АЛМАТЫ, ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘКІМДЕРІ, ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Экономика есімі қарқынды арттыру — негізгі міндет
Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шараларында биылғы бірінші жартыжылдықтағы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған міндеттер анықталатынын айтты.
— Басты мақсат — экономиканы өркендету және халықтың әл-ауқатын арттыру. Индетке және шектеу шараларына қарамастан, ел экономикасы жарты жыл ішінде 2,2 пайызға өсті. Бұл — қуантарлық жайт. Былтыр пандемияның салдарынан ішкі жалпы өнім 2,6 пайызға төмендеді. Біз оны тезірек қалпына келтіруіміз керек. Дағдарысқа қарсы қабылданған шаралармен және карантиндік шектеулермен бірге өлемдік экономиканы жандануы іскерлік белсенділіктің қайта қалпына келуіне септігін тигізді. Біздің міндетіміз — екінші жартыжылдықта экономика өсімінің қарқынды

арттыру, — деді Президент.
Мемлекет басшысының пікірінше, жаңа штандарды бітпейтін толқындары коронавирустың біздің өмірімізге мықтап енгенін көрсетеді. Мұндай жағдайға бейімделіп, өмір сүруді үйрену қажет. Индет таралған ірі ошақтардың пайда болуын азайту және денсаулық сақтау жүйесіне шектен тыс салмақ түсуіне жол бермеу — өзекті міндет.
— Күрделі жағдайлар мен өлім-жітімді азайту, сондай-ақ ауыр халдегі науқастарды емдеуге баса мән беру керек. Коронавирусқа қарсы күресте өзгеше әдістерді пайдалану тек медициналық аспектілерге ғана емес, бизнестегі шектеу шараларына да қатысты. Мониторинг жүргізу топтарының жұмысын қайта қарап, Ashyq жүйесі сияқты цифрлы шешімдерді белсенді пайдалану қажет. Шағын және орта бизнес қызметкерлерін вакциналау мерзімін науқаншылыққа

арттырмай, шынайы жүргізу керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.
Президент вакциналауға қатысты жалған құжаттар жасау деректеріне назар аударып, оның қоғам үшін өте қауіпті жағдай екенін атап өтті. «Сондықтан құқық қорғау органдары осы мәселеге баса назар аударуға тиіс», — деді Мемлекет басшысы.
— Біз пандемиямен күрестің негізгі жолы вакциналау екенін түсінуіміз қажет. Бұл — айқын нәрсе. Үкімет еліміздегі вакциналау бойынша қазіргі көрсеткіштерді маған баяндады. Алайда ашығын айту керек, бұл жұмыстың қарқыны өлі де мардымсыз. Нақты қадамдар жасау қажет. Түптеп келгенде, азаматтарымыз өздерінің және жақын туыстарының денсаулығын ойлап, саналы түрде шешім қабылдауы керек. Антиваксерлердің қауесет, даңғазә өңгімелеріне сенудің қажеті жоқ. Сондықтан біз екеп салу науқанын жалғастырамыз.

Ал кейбір жекелеген салаларда міндетті түрде вакцина салдыру қажет болады. Бұл үшін заңнамалық та, конституциялық та негіз бар. Тұрасын айтсақ, бұл — өркінің өз отандастары алдындағы міндеті, парызы.
Сондай-ақ мынадай екі мәселеге тоқталғым келеді. Біріншіден, міндетті екеп салу кезінде асыра сілтеу болмауға тиіс. Медициналық себептерге және белгілі бір жағдайларға байланысты екеп салдырмайтын адамдар бар. Мемлекеттік органдар, әсіресе мониторинг жүргізу топтары осы мәселені ескеруі керек.
Екіншіден, осыған дейін де айттым, вакциналау туралы жалған сертификаттар жасау нарығы пайда болды. Мұндай деректерді тұтас қоғамның денсаулығы мен қауіпсіздігіне төнген тікелей қауіп деп түсіну қажет. Демек, жазаға тарту шарасы да қатаң болуға тиіс. Бұл Әкімшілік кодекске сәйкес заңбұзушылық екені айдан анық.
Бірыңғай тестілеу базасының үлгісімен Екеп салудың цифрлы картасын шұғыл түрде іске қосу керек, — деді Мемлекет басшысы.
Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтар үшін қолжетімді вакцинаны, соның ішінде халықаралық деңгейде мойындалған екенің көлемін ұлғайту қажет екенін айтты.

— Былтыр мен тиісті тапсырма бердім. Бірақ компанияның Қазақстанға бөлген Pfizer вакцинасын жеткізу ісі тоқтап қалды. Қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес Pfizer компаниясы Қазақстанға биыл мамыр айында 2 миллион доза вакцина жеткізуді жоспарлаған. Үкімет екеп жеткізу ісін тоқтап қалуын Pfizer қойған бірқатар талаппен байланыстырады. Бірақ аталған шарттар — вакцина сатып алатын барлық ел үшін бірдей стандарт. Жуырда жаңа ұсыныс келіп түсті. Онда бүкіл іс-қимыл алгоритмі қамтылған. Мемлекет басшысы тиісті Жарлыққа қол қойы керек дейді. Егер қажет болса, мұны істеуге дайынмын. Үкіметке, Президент Әкімшілігіне қабылданған ахуалды тексеріп, біздің нарық үшін қажетті осы екенің жеткізілуіне кедергі келтірген лауазымды тұлғаларға қатысты шара қабылдауды тапсырамын. Түптеп келгенде біз азаматтарымыздың өздері қалаған екепін салдыруына мүмкіндік беруіміз қажет. Pfizer вакцинасына қол жеткізілімді мәселесін қысқа мерзім ішінде шешу керек, — деді Президент.
(Жалғасы 3 бетте)

АБЫРОЙЫ БИІК ТҰЛҒА

ҒАЗИЗ ЗАЙМОЛДАУЛЫН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ХАЛҚЫНА ТАНЫСТЫРЫП ЖАТУ АРТЫҚ 75 ЖАСҚА ТОЛЫП ОТЫРҒАН АҒА КЕҢЕСТІК ҚОҒАМНЫҢ ДА, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ДА МІНДЕТІ БАТПАНДАЙ, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР САТЫЛАРЫНАН ӨТКЕН ТҰЛҒА. ҒАЗИЗ АҒАЙ ҚАЙ ҚЫЗМЕТТЕ ОТЫРСА ДА, ӨЗІНІҢ ІСКЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН БАРЛЫҚ ҚЫРЫНАН КӨРСЕТЕ БІЛГЕН ЖАН. ӨЗІНЕ АРТЫЛҒАН ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ӨТЕ ЗОР СЕНІММЕН ҚАРАДЫ.



Әкімдік институт енгізілгені осы уақытқа дейін Ойыл ауданын ең ұзақ басқарған тұлғаға бүгін аудан әкімі Асқар Қазыбаев бастаған топ арнайы барып құттықтап, құрмет көрсетті. Ауданда абыройы биік тұлғаның алдымен иығына шапан жауып, мерекелік құттықтауын табысты. Сонымен қатар, биылғы Ойыл ауданына 100 жыл толуына орай шығарылған мерекелік медальдың алғашқысын Ғазиз Займолдаулының омырауына тақты. Естелік сыйлық ұсынды.
Кеңес Үкімет тұсында біздің ауданды үнемі сырттан келген кадрлар басқарғаны жасырын емес. Бір ағамыздың Шалқардан өйел алғысы келетіні туралы өзін болса да, ақиқаты ашы өңгіменің жаны бар еді. Тоқсаныншы жылдардың ортасындағы қиын-қыстау, былайғы сөзбен айтқанда, өлімге жақын тұрған уақыттарда, «артта қалған» Ойыл ауданын басқару осы Ғазиз ағамызға бұйырды. Рас, алғашқы әкім болған адамда осы Ойылдың тумасы. Алайда, Олжабай ағамыздың әкімдік қызметі бір жылдан аспады.
...Әсіресе, сонау кеңестік биліктің қабырғасы сөгілгеннен, елді басқару стилі сәтінемеген тұста өңірді экономикалық тұрғыдан ғана емес, моральдық жағынан да көтеріп алып жүретін басшы керек болатын. Осындай қысылтандық шақта Ойылға халықпен етене тіп табысып кете алатын басшы қажет болды.
Еңбек жолын қатардағы мұғалімдіктен бастап, ауылдағы бүкіл мекхатты көріп өскен Ғазиз аға кейін комсомолдың майданында қайнады. Кеңестер Одағында қызмет еткен жандардың

барлығы дерлік біледі, коммунистік партияның мүшелігіне ету дегеніңіз қиямет-қайым өрекет. Мінездемеңіз, жұмыстағы төртбіңіз, отбасылық жағдайыңыз бәрі-бәрі шынайы таза болуы шарт. Жас мамандар үшін ондай құрметке жету үшін көптеген сатылардан сүрінбей өтіп, айналаныңдағы адамдардың сенім артуы міндетті болатын. Ғазиз ағай осы талаптың барлық үдесіннен шығып, ол қоғамның да белді мүшесі болды. Аудандағы көсіптік өндіріс орнын нарықтық экономиканың талабына тез бейімдеп, облыстың алдыңғы қатарлы оқу орнына айналдырды. Көргені мол, тәжірибесі ұшан-теңіз басшының келгенін ел-жұрты екі қолын көтеріп қолдады.
Ауданды басқарған басшылардың қатарында ағайдың есімі ерекше аталады. Ол заңдылық болар. Жұмысқа өте талапшыл, жинақылықты, жауапкершілікті жаңы сүйетін. Айтқан тапсырмасын мүлтіксіз орындаған адамдарды қатты сүйелітейтін. Ол кісі үшін ұсақ-түйек деген мәселе жоқ-ты. Көзге ілінбейтін нәрсенің өзіне аса жоғары ыждағаттылықпен қарайтын. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана халқымыз. Өткенін ұмытқандардың, болашағы бұлыңғыр. Біз үшін абыройы биік тұлғаның балалары да биік белестерді бағындырып, аудан, облыс аумағында ірі қызметтер атқарып жүр. Туған жері, ауданы үшін тер төгіп, бірталай тың бастамаларға мұрындық болған Ғазиз ағайды бүгінгі белесімен бізде құттықтап, ұзақ өмір тілейміз!
Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

Құрбан айт мерекесі құтты болсын!

20 ШІЛДЕ – ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІНІҢ БІРІНШІ КҮНІ

ҚҰРБАН АЙТ- МҰСЫЛМАН ЖАМАҒАТЫНЫҢ ҰЛЫ МЕРЕКЕСІ. ҚҰРБАН – АРАБ ТІЛІНДЕ «ЖАҚЫНДАУ» ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ, Яғни ЖАСАҒАН САУАП ІСТЕР АРҚЫЛЫ АЛЛАҒА ЖАҚЫНДАЙ ТҰСУ. АЛ ШАРИФАТТАҒЫ ТЕРМИНДІК МАҒЫНАСЫ «ШАРТТАРЫМЕН САНАСА ОТЫРЫП ҚҰЛШЫЛЫҚ НИЕТІМЕН МАЛ БАУЫЗДАУ» ДЕГЕНГЕ КЕЛЕДІ. ҚҰЛШЫЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ ТҮП МӘНІ – ЖАРАТУШЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫНА БАҒЫНУ, РАЗЫЛЫҒЫНА ҰМТЫЛУ, САУАП ЖИНАУ. ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ ТЕК МАЛ БАУЫЗДАУМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛМЕЙДІ. ОНДА АДАМНЫҢ ІШКІ НИЕТІ, ШЫН ПЕЙІЛІ, ДІНГЕ БЕКЕМДІГІ, БАСҚАЛАРҒА ЖАНАШЫРЛЫҒЫ ТАРАЗЫҒА ТҮСЕДІ. СОНДАЙ-АҚ ПЕНДЕНІҢ ПЕНДЕШІЛІГІ МЕН МӨРТТІГІ, САРАНДЫҒЫ МЕН ЖОМАРТТЫҒЫ ДА СЫНАЛАДЫ.



Был Құрбан айт 20, 21, 22 шілде күні тойланады. Құрбан айт ораза айттан соң 70 күннен кейін басталып, үш күнге созылады. Мұсылман бауырлар бұл күні тазаланып, дәретін алып, хош иіс себініп, мешітке асығады. Мешітке Айт намазы оқылады. Құрбан айтта көпшілік демдісін әзірлеп, дастархан жаяды. Бір-бірінің үйінде қонақ болып, астан ауыз тиеді. Бір-бірін мұсылман мерекесімен құттықтайды. Өрбір үйде Құран оқылады. Өмірден өткен ата-бабаларына Құран бағыштайды. Ренжіскен жандар болса, кешірім сұрасып, екеп-ренішін ұмытады. Құрбан айтта көп болып жиналып, дастархандас болып, мере-

келеудің еш өбестігі жоқ. Алайда дінге қайшы өрекеттерге бармау керек. Құрбан айтта орындалатын сауапты амалдардың бірі - Құрбан шалу. Мұсылмандар құрбан малын сойып, мұқтаж жандарға таратады. Құрбан малын таңдаудың өз едептері бар. Алла тағала Құранда: «Раббым үшін (Айт) намазын орында және құрбан шал» - деген. Негізінен, Құрбан шалу – Ибраһим пайғамбардан бері келе жатқан сүннет. Құрбан шалу ресімі айт намазбен айт құтпасы оқылып болған соң басталады. Ал құрбандықты Айт намазына дейін шалғандық жарамсыз болып танылады. Құрбандықты айттың төртінші күні асыр намазына дейін

орындауға рұқсат берілген. Құрбандық шалу кезіндегі талаптарды айтар болсақ, ол тек ғана Аллаһның разылығын мақсат тұтып, өрі тек Аллаға жақындап, оның ғана сауабын үміт етіп шалғаны тиіс. Себебі Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Алла тағала Алладан өзгеше арнап құрбандық шалғанды лаенетмеді» - деген. Құрбандық малы белгілі жасқа толған болуы қажет. Түйені – бес, сиыр, бұқаны – екі, қой, ешкіні – бір жастан бастап құрбандыққа шалу керек. Ал бір көзі, құлағының басым бөлігі жоқ, ауру, ақсақ, өлсіз, арық малдар құрбандыққа шалуға жарамды. Бір жануарың атынан бір мал шалынса, барлық

отбасы мүшесіне жеткілікті құрбандық болып табылады. Сиыр мен түйені жеті адам бірігіп құрбан шалуына болады.
Айт кетсек, құрбандыққа шалынып жатқан малды қинамай, тезірек өткір пышақпен бауыздау керек. Бұл сүннетке жатады. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде «Малды жақсылап бауыздау керек. Оны сояр кезде, пышақты жақсылап қайрап, тезірек бауыздау керек, сонда мал рахатымен қауышады» - делінген.
Құрбандыққа шалынатын малды сояр алдында оны құбылаға қарай жатқызып, келесі дұғаны оқу керек: «Инна салати уа нусуки уа махиаа уа мәәмәти лилләһи Раббил аламин ла шерика лаһ». («Күмәнсіз менің намазым және басқа елбастарым, өмірім де, өлімім де бүкіл әлемдердің Раббы Аллаһ үшін. Оның еш серігі жоқ».)
Тағы «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар ла илаһа иллаллаһу, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уа лилләһилхамд» деген дұғамен мал сойылады. Бұл кезде құрбандыққа арналған малдың иесі «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деген дұғаны айтады. Егерде бұл дұғаны өдейі оқымаған жағдайда құрбан етін жемейді. Себебі, Құдайдың аты айтылмай сойылған малдың еті харам болып саналады.
Құрбандық етінің үштен бір бөлігін иесіне өзіне қалдырып, үштен бір бөлігін қонақтарға жегізіп, қалған бөлігін мұқтаждарға тарату керек. Малдың терісін сатуға немесе қаспашының ақысы ретінде беруге тыйым салынған.
Құрбан айт мейрамы жақындаған тұста осы қағидалармен таныс болып, біле жүріңіздер. Барша мұсылман жамағаты қасиетті мереке күндері шын ниетпен құрбандық шалып, игі іс жасап, жақсы өрекетерге ұмтылып, сауап жинаса нұр болары анық. Келе жатқан Құрбан айт мейрамы құтты болсын!
Нұрсұлтан СЕРІКҰЛЫ,
Ойыл аудандық мәшһітінің бас имамы.

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫНДАҒЫ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ДЕПУТАТТЫҚ ФРАНЦИЯСЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ ЕСЕП БЕРУ ЖИНАЛЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ДЕПУТАТТЫҚ ФРАНЦИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫНА АУДАНЫҚ МАСЛИХАТ ФРАНЦИЯСЫ МҮШЕЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Күн төртбінде аудандық мәслихаттың «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы депутаттық фракциясының I жартыжылдықта атқарған жұмыстарының есебі туралы баяндалды.
Фракция жетекшісі Н.Дәулетқалиевтің есебі бойынша «Nur Otan» партиясының депутаттық фракциясының сандық сапалық құрамы сайлау нәтижесі бойынша қайта жасақталып, Ойыл аудандық мәслихатындағы 11 депутаттық мандаттың 9-на «Nur Otan» партиясынан ұсынылған кандидаттар партиялық тізім арқылы иелік етеді. Бұған дейінгі шақырылымдағы депутаттардың орташа жасы 48 жасты құраса, қазір бұл көрсеткіш 36 жасқа жасарған. Қазіргі таңда «Nur Otan» партиясынан партиялық тізіммен депутаттық мандатқа ие болғандардың үшеуі – 35 жасқа дейінгі жастар.
Сондай-ақ фракция мүшелерінің арасында өйелдердің үлесі 36,4 пайызға жетті. Мұнда Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың барлық деңгейдегі мәслихаттарда өйелдер мен жастардың үлесін арттыру жөніндегі тапсырмасының басшылыққа алынғанын айта кету керек. Жаңа құраммен жасақталған фракция мүшелерінің алдында тұрған маңызды зор міндеттің бірі партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыруға атсалысу. «Өзгерістер жолы: ер азаматқа лайықты өмір!» атты «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындаудың Ойыл аудандық Жол картасы жасақталып, оған 100 нысаналы шаралар мен нақты индикаторлар қамтылды. Бұл

көрсеткіштерге 2025 жылға дейін кезек-кезеңімен қол жеткізу жоспарланып отыр.
Жол картасындағы өрбір индикаторлық көрсеткіш пен іс-шараның өз деңгейінде жүзеге асырылуы бойынша фракцияның өрбір мүшесі мен жауапты мемлекеттік органдың, аудан әкімдігінің салалық басқармалары басшыларының жауапкершілігі қарастырылған.
Фракцияның жұмыс жоспарына сай сайлауалды бағдарламаның іске асырылу барысы бойынша аудан әкімдігінің салалық басқармалары басшыларының және фракция мүшелерінің есебін тыңдау бойынша отырыстар тұрақты ұйымдастырылып тұрады.
Сонымен қатар, депутаттық фракция мүшелерінің сайлаушылармен кері байланыс орнату мақсатындағы қоғамдық қабылдаулар, «Депутатқа сауал қой» онлайн акциялары арқылы тұрғындардың өтініштерін оңтайлы шешу мәселелерінің жауаптылығы сөз болды.
Қайырымдылық жобаларын жүзеге асыру бойынша «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық», «Ауыл ел бесігі», «Кедергісіз келешек» партиялық жобалары аясында өлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға жеке демеушілігімен көмек көрсеткен депутаттар ерекше аталып өтті.
Қазіргі заманда қоғаммен етене байланысудың бірден бір құралы өлеуметтік желі болатын болса, бұл сала бойынша да фракция мүшелері өздерінің атқарған жұмыстарын қолданушыларының назарына ұсынып, өз жұмыстарын көрсетіп отырады.

Саунау 2021

ОЙЫЛ АУДАНЫ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР АМАҢГОСОВ АРТУР САРСЕНБАЕВИЧТИҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

жұмыстарды бақылауда ұстау, аталған аумақта инфрақұрылымның (ауыз су, жол, электр энергиясы) жүргізілуіне ықпал ету;

Көптоғай ауылдық округінің көркейту, көгалдандыру, абаттандыруына, көшелерге жол жүргізу, тротуарлар бордюрлар салуға қаржыны жеткілікті бөлуіне ықпал ету, көп жылдан бері ауылдық округтегі өзекті проблемаға айналған Ойыл өзенінің мәселесінің оқ шешімін табуы бағытындағы жұмыстарды жүргізу; Көптоғай ауылдық округінен шыққан дарынды жастарға (шығармашылық, өнер, ғылым, спорт т.б. салалар бойынша) қолдау көрсету, үздіктерді түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау, салауатты өмір салтын насихаттау, спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында қаланың шет аймақтарында шағын спорт алаңдарының салынуына ықпал ету; Округ жастарын ауылдық жерлерге тұрақтандыру мақсатында жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтып, өлеуметтік мәселелерінің оңтайлы шешілуіне атсалысу; Көптоғай-Ойыл көтерме жолының құрылысын аяқтау.

Өмірбаяны

Аманзholov Артур Сарсенбаевич 1975 жылы 19 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл селосында дүниеге келген. 1992 жылы Ойыл орыс орта мектебін аяқтаған. 1998 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Ақтөбе Заң колледжін және 2009 жылы Қарағанды Заң институтын тәмамдаған.

1992-1993 жылдары Ойыл совхозында жұмысшы болып жасаған.

1995-2011 жылдары Ақтөбе облысы Ішкі Істер Департаментінде қызметкер болып жұмыс жасаған.

2013-2017 жылдары «Аспанай-секьюрити» ЖШС, «Күзет и К» ЖШС күзет бастығы болып жұмыс жасаған.

2017-2018 жылдары Ойыл ауданы әкімі аппаратында төтенше жағдайлар мен жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс жөнінде бас маман болып қызмет атқарған.

2018 жылдан бастап осы күнге дейін төтенше жағдайлар мен жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс жөнінде бас инспекторы болып қызмет атқаруда.

Жариялау ақысы кандидаттардың сайлау өткізуге бөлінген қаражаты есебінен төленді.

ОЙЫЛ АУДАНЫ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР АСЫЛБАЕВ ЕРЛАН БАЗАРБАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

2021 жылы Көптоғай ауылдында дәрігерлік амбулаторияның салынуына ықпал етемін;

2024 жылы Көптоғай ауылы тұрғындарын газбен қамтылуына ықпал етемін.

Мен ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін

іздеу арқылы:

Шұбарши, Қарасу ауылдарының сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне;

2021 жылдың соңына дейін «Ойыл – Көптоғай» тас жолын жөндеуді аяқтауға;

2022 жылы Шұбарши, Қарасу ауылдарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне;

2022 жылы заманауи жабдықталған спорт алаңын салуға;

2024 жылы хоккей корттарын орнатуға күшімді саламын.

Ауыл шаруашылығын дамытуға;

Жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту мақсатында ауыл шаруашылық құрылымдарының басшыларымен ынтымақтастық меморандумын жасасу арқылы жастардың жұмыспен қамтылуына;

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде білім беру және денсаулық сақтау саласындағы кадр жетіспеушілігін қамтамасыз ету мақсатында жас мамандарға жан- жақты жағдай туғызуға үлесімді қосамын.

Өмірбаяны

Асылбаев Ерлан Базарбайұлы 1975 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай ауылында дүниеге келді. 1992 жылы Құрман орта мектебін аяқтап 1994-1999 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық университетінің тарих пәні мұғалімі мамандығын бітірген.

2009-2013 жылдары Қарасу негізгі мектебінің директоры қызметін атқарған.

2013-2015 жылдары Құрман орта мектебінің директоры қызметін атқарған.

2015-2017 жылдары Амангелді орта мектебінің директоры қызметін атқарған.

2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін Көптоғай ауылдық округінің әкімі болып жұмыс жасауда.

Жариялау ақысы кандидаттардың сайлау өткізуге бөлінген қаражаты есебінен төленді.

«ADAL» САЯСИ ПАРТИЯСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТ КОСБАЕВ АХМЕТЖАННЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ӨМІРБАЯНЫ

Біз осы және келесі жылы барлық жұмыссыздарды кәсіпкерлік сала бойынша және шағын несие алып мал шаруашылығын дамытуға жұмысқа орналастыруға болады деп есептейміз.

Сондықтан біздің нақты мақсатымыз мал шаруашылығын дамыту.

1) Ауылдағы барлық жұмыссыздарды ауданның жұмыспен қамту орталығымен салыстырамыз;

2) Жұмыспен қамту орталығынан жұмыссыз мәртебесін алу және жәрдемақы алу үшін табылған барлық жұмыссыздарды базаға (ААЖ «Еңбек Нарығы») тіркеуді сұраймыз;

3) Еңбек және жұмыспен қамту жол картасы бағдарламасы арқылы ауыл тұрғындарын уақытша жұмысқа орналастыру үшін ауданға өтінім жолдаймыз. Бұл 3-6 айлық жұмыс, яғни уақытша болса да табыс көзі.

4) Облыс, аудан колледждерімен біздің ауыл тұрғындарын тегін мамандықтарға (бухгалтер, тіпінші, аспаз, жүргізуші және т.б.) оқытуға жұмыс жасаймыз.

5) Ал одан өрі біздің ауылдың бюджеттік ұйымдарына жұмысқа орналасуға немесе «Бастау» бағдарламасы бойынша 585 мың теңге сомасында грант алуға және өз ісін ашуға көмектесетін боламыз. Бұл грант, несие емес, оны қайтарудың қажеті жоқ, бірақ өз ісінді бастау керек.

Үшіншіден, интернет және мобильдік байланыс: Кемер ауылында Қазақтелеком, актив, билан интернет пен ұялы байланыс орнатылып, сапалы қамтамасыз етілген. Осы жүйе арқылы Шықудық, Қоңырат елді мекендері де байланыста.

Ақкемер ауылы Қазақтелеком арқылы үй жағдайында байланыс орнатылған. Белсенді ауыл тұрғындарына пайда табуға көмектесеміз!

«ADAL» партиясы – бұл жастар мен мықты адамдар партиясы! Мен өз ауылымның патриотымын! Бұл жұмыс оңай және тез болады деп ойламаңыздар, дегенмен, маған қолдау беріп өкім ретінде сайласаңыздар ауылымызды тек қана аудан емес, бүкіл облыс аумағында үлгілі етіп дамытуға жұмыс жасаймын!

Өмірбаяны

Косбаев Ахметжан 27 қазан 1981 жылы Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округінде дүниеге келген.

2004 жылы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің физика – математика факультетінің «Физика» мамандығы бойынша бітірді. 2004-2005 оқу жылында Саралжын ауылдық округі Шықудық ауылындағы Теректі негізгі мектебінде физика – математика пәнінің мұғалімі қызметін атқарды. 2005 жылдың маусым айынан 2014 жылдың қыркүйек айы аралығында «Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде қызмет етті.

2014-2015 жылдары Тайсойған негізгі мектебінің директоры қызмет атқарды. 2015-2016 оқу жылында Ойыл аудандық оқушылар үйінде мұғалім болып қызмет істеді. 2016-2017 ж. Саралжын округі өкім аппараты іс қағаз жөніндегі жетекші маман. 2017-2018 ж. Саралжын округі өкім аппараты бас маман. 2018-2019ж. «АИС» ЖШС оператор. 2020-2021ж. «Казпочта» АҚ ірі көлемді пошта желілігімдері учаскесінің диспетчері.

Жариялау ақысы кандидаттардың сайлау өткізуге бөлінген қаражаты есебінен төленді.

ОЙЫЛ АУДАНЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР РАБАЕВА МАРИНА АНДРЕЙҚЫЗЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының заңдарының Қазақстан Республикасы Президенті мен үкіметі актілерінің орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын жүзеге асыру үшін қызмет жасаймын;

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің уақытылы толық төленуін үйлестіруге атсалысамын;

Кәсіпкерлік қызметті дамытып, шаруа-фермер қожалықтарын ұйымдастырып, ауыл шаруашылығына арналған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жасаймын;

Табысы төмен өлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға және мүгедектер мен қарттарға қолдау көрсетіп, оларға жасалатын қызмет түрлерін кеңейтуге ат салысамын;

Елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін;

Бұқаралық спортты тұрғындар арасында жүргізе отырып, «Салауатты Қазақстан» азаматтарының қатарын көбейтуге күш саламын;

Денсаулық сақтау саласында дәрігерлік көмектің округ тұрғындары үшін қолжетімді сапалы болуын, ана мен бала денсаулығын басты назарыма болады;

Ауылшаруашылығы бойынша мал азығын молайту, суармалы егіс егу жұмыстарын өндіріске енгізуге қызмет жасаймын;

Ауылдың қабілетті жастарына қолдау көрсете отырып, олардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуына жағдай жасап, мәдени шараларды уақтылы, ұлттық салт-дәстүрге сай, жаңа технологиялық үрдісте өтілуін жүйелі жоспарға енгізу. Ауыл жастарының құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қадағалау, жаңа ашылған жұмыс орындарына олардың көптеп орналасуына, кәсіпкерлікпен айналысуына ықпал етемін;

Тұрмысы төмен отбасылар, мүгедектер, жалғызбасты аналар мен қарияларға жыл бойы қамқорлық жасаймын;

Мәдениет саласында патриотизм, ұлттық қасиеттерді насихаттауда мәдени шаралар өткізу, жастарды рухани жағынан тәрбиелеуді басты назарда ұстаймын;

Өмірбаяны

Рабаева Марина Андрейқызы 1991 жылы 3 қаңтарда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі Кемер ауылында дүниеге келген. 2008 жылы Ө.Дербісалин атындағы Саралжын қазақ орта мектебін аяқтаған.

2008 жылы Ақтөбе қаласындағы Ақтөбе гуманитарлық колледжіне оқуға түсіп 2011 жылы математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. 2019 жылы Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне оқуға түсіп 2021 жылы математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

2011-2013 жылдары Ө.Дербісалин атындағы Саралжын қазақ орта мектебінде тәлімгер болып жұмыс жасаған.

2013 – 2015 жылдары Ш.Берсиев атындағы орта мектепте математика пәнінің мұғалімі мұғалімі болып жұмыс жасаған.

2015-2017 жылдары Саралжын ауылдық округі Теректі негізгі мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасаған.

2017 жылдан бері Саралжын ауылдық округі Теректі негізгі мектебі директорының оқу ісі жөнінде орынбасары қызметінде жұмыс жасауда.

Жариялау ақысы кандидаттардың сайлау өткізуге бөлінген қаражаты есебінен төленді.

ОЙЫЛ АУДАНЫ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР САТЫҒАЛИЕВ ҚУАНЫШ АЙСАУЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

және жергілікті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын жүзеге асыру үшін қызмет жасаймын.

3. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасаймын.

4. Округтің санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыруға жұмыс жасаймын.

5. Мемлекеттік бағдарламалары бойынша тұрғындар арасында нақты түсіндірмелер жүргізіп, олардың осы бағдарламалардан өз сыбағаларын алуға жұмыстар атқарамын.

6. Ауыл шаруашылық теліміндегі жерлерді (шабындық, жайылым, егістік, т.б.) ұтымды пайдалануды, иесі бар игерілмей жатқан жерлермен, бос иесіз жерлерді игеріп айналымға қосуды ұйымдастырамын.

7. Жастарға – жол ашамыз! Жастар - ел болашағы! Біз халқымыздың бай рухани адами құндылықтарын өскелең ұрпаққа табыстауымыз керек! Бұл дамып келе жатқан ербір қоғамның миссиясы! Жастардың білім, тұрғын үй, жұмысқа орналасу тәрізді өзекті мәселесін шешуге қауқарлы жастар саясатын жүзеге асыру.

8. Округ аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, мемлекеттік бағдарламаларды толық пайдаланып, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, кәсіпкерліктен түсетін салық көлемін ұлғайтуға үлес қосамын.

9. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің уақтылы толық төленуін үйлестіруге атсалысамын. Кәсіпкерлік қызметті дамытып, ауыл шаруашылығына арналған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жасаймын.

10. Бұқаралық спортты тұрғындар арасында насихаттай отырып, «Салауатты Қазақстан» азаматтарының қатарын көбейтуге күш саламын.

11. Ауыл жастарының көкейтесті мәселелерін оңтайлы шешіп, жастарды ауылдық жерде тұрақтандырып, жастардың теріс діни ағымдардың ықпалынан, жат қылықтардан аулақ болуына бағыт-бағдар беруді басты назарда ұстаймын.

Өмірбаяны

Сатығалиев Қуаныш Айсәуітұлы. 1983 жылы 21 тамызда дүниеге келген. 2000 жылы Құрман орта мектебін бітірді. 2000-2003жылдар аралығында Ақтөбе гуманитарлық колледжінде оқиды. Еңбек жолын 2003 жылы Екпетап мектеп-бала бақшасында бастауыш класс мұғалімі болып бастайды. 2005 жылы Ойыл аудандық жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөліміне өлеуметтік қызметкер болып жұмысқа қабылданады.

2006-2009 жылдары Көптоғай ауылдық округіндегі «Мұқтаж азаматтарға үйде өлеуметтік көмек көрсету» бағдарламасы бойынша қызметкер болып жұмыс жасайды.

2009-2011 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын «Педагогика және психология» мамандығын тәмамдайды.

2009-2011 жылдары Құрман орта мектебінде спорт нұсқаушысы болып жұмыс атқарады.

2011-2013жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын «Дене шынықтыру және спорт» мамандығын тәмамдайды.

2011-2013 жылдары осы Құрман орта мектебінде мектептің оқу-ісі жөніндегі мастер қызметін атқарады. 2013 оқу жылынан бастап осы кезеге дейін Жақсыбайкөл негізгі мектебінің директоры болып қызмет атқарып келе жатыр.

Жариялау ақысы кандидаттардың сайлау өткізуге бөлінген қаражаты есебінен төленді.

ОЙЫЛ АУДАНЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР ТӘЖІГАЛИЕВ МАРАТ ТЛЕПБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

2021 жылдың соңына дейін Теректі мектебінде жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады;

2022 жылы Саралжын орта мектебіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізілетін болады;

2022 жылдан бастап Кемер ауылының жолдарын жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады;

2022 жылға Шықудық ауылына суды тазарту блок модуль орнатуға ықпал етемін;

2024 жылға дейін 100% көше шамдарымен қамтамасыз етілетін болады;

2025 жылы Кемер, Ақкемер ауылдарына газ құбырының тартылатын болады;

2025 жылға Ақкемер, Кемер ауылдары интернет желісіне қосылатын болады.

Мен ауылдық округі бюджетінің шектеулі екенін білемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:

2022 жылға дейін балаларға арналған ойын алаңдарын салуға;

2025 жылға Ақкемер және Кемер ауылдарына газбен жабдықтау объектілерін салуға күшімді саламын.

Экологияны жақсарту жөнінде шаралар қабылдауына;

Орта және шағын бизнесті дамытуға, кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруға;

Ауылдан шыққан танымал тұлғаларды дәріптей отырып, өскелең ұрпақ-жастардың бойында Отаншылдық рухта тәрбиелеп, еңбек қоғамына жұмылдыруға және салауатты ұрпақ тәрбиесін үлесімді қосамын.

Өмірбаяны

Тажигалиев Марат Тлепбергенұлы 1963 жылы Жетікөл ауылдық кеңесі, Жекенді ауылында дүниеге келді. 1970-1980 жылдары Саралжын орта мектебінде орта білім алды. 1980-1982 жылдары Ақтөбе қаласында ГПТУ-7 оқу орнында көлік жөндеу шебері мамандығын алды. 1982-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды.

1984-1986 жылдары Ойыл аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде жұмысшы болып еңбек жолын бастады.

1986-1996 жылдар аралығында Саралжын орта мектебінде еңбек пенінің нұсқаушысы, 1996-2002 жылдары осы мектепте өскери жетекші және география пәні мұғалімі болып қызмет жасады.

2002-2005 жылдары Тайсойған негізгі мектебі директоры лауазымдық қызметіне бекітілді.

2005-2006 жылдары Саралжын ауылдық округі аппаратында бас маман, 2006-2009 жылдары Саралжын ауылдық округі әкімі болып қызметін атқарды. 2009 жылы Ойыл аудандық білім бөлімі басшысы қызметіне тағайындалды. 2010-2017 жылдары Саралжын ауылдық өкімі, 2017-2019 жылдары Саралжын ауылдық өкімі аппаратында бас маман қызметінде болды.

2019 жылдың ақпан айынан бастап Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің директоры болып қызмет атқарып келеді.

Жариялау ақысы кандидаттардың сайлау өткізуге бөлінген қаражаты есебінен төленді.

БАСТЫ МАҚСАТ — ЭКОНОМИКАНЫ ӨРКЕНДЕТУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ

Мемлекет басшысы коронавируспен күрес кезінде денсаулық сақтау көрсеткіштері күрт нашарлап кеткендігін, атап айтқанда, аналар өлімі — үштен бірге, жүрек ауруларынан қайтыс болу 40 пайызға ұлғайғандығына назар аударды.

— Бұған өсіресе жансақтау және жедел жәрдем бөлімшелерін жарақтандырудың деңгейінің төмендігі есерін тигізіп отыр.

Денсаулық сақтау ұйымдарын қажетті жабдықтармен жедел қамтамасыз етуге көбіне басқа артық бюрократтық процедуралар мүмкіндік бермейді. Медицина өнімдерінің сараптамасы мен тіркеуіне жоғары сабылмас жемқорлық тәуекелдері тән болып отыр. Жарақтандыру деңгейінің төмендігіне сондай-ақ жабдықтар бағаларының арасындағы қисынсыз үлкен алшақтық есерін тигізуде. Бір бұйымның әр өңірдегі, ал кейде бір өңірдегі клиникалардың өзіндегі бағасы бір-бірінен тыс өзгешеленіп тұрады. Мысалы, жүректің жасанды қан жолы тетігінің бағасы 165 мыңнан 600 мың теңгеге дейін бағаланады, ал қан тамыры стенттерінің 150 мыңнан 500 мың теңгеге дейін. Дәрілік заттар сияқты медициналық жабдықтарды сатып алуды да орталықтандыруға тура келетін болар, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, пандемия білім сапасына теріс есерін тигізді. Сондықтан өткен оқу жылындағы жиберілген кемшіліктердің орнын толтырып, жаңа оқу жылында көштен қалып қоймауымыз керек.

— Мұның бірден-бір жолы — оқытудың бұрынғы форматына көшу. Үкіметке жаңа оқу жылында оқушылар мен студенттердің дестүрлі оқу жүйесіне оралуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Коронавирустың жаңа штамдары пайда болып жатқан кезде бұл міндетті орындау оңай емес екенін түсінемін. Сол себепті оқушылар мен мұғалімдерді барынша қорғайтын кешенді тәсіл өзірлеу қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тағы бір өзекті мәселе ретінде биыл күзде елімізде үшінші Ұлттық халық санағы өтетіндігіне тоқталды.

— Бұл санақ індетке байланысты күрделі кезеңде өтетін болды. Сондықтан Үкіметке, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ұлттық санақты белгіленген мерзімде сапалы өткізуді тапсырамын. Бұл ретте санақ жүргізетін қызметкерлердің бәрі вақцина алып, қажетті қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс, — деді Президент.

Азық-түлік бағасының қымбаттауына жол бермеу қажет

Президент дағдарысқа қарсы қабылданған шараларға байланысты қаржының тым көп салынуы және жеңілдетілген ақша-несие саясаты инфляцияның қарқынды күшейіп жіберді деп санайды. Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымдарының мәліметі бойынша азық-түліктің өлемдік бағасы 40 пайызға өскен. Бұл — он жыл ішіндегі ең жоғары көрсеткіш. Осындай жағдайда еліміздегі инфляция деңгейі бірінші жартыжылдықта 7,9 пайызға жетті. Азық-түлік бағасының қымбаттауы аса өзекті проблемаға айналды. Пандемия азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан еліміздің осал тұстарын айқындап берді.

— Отандық ауыл шаруашылығы саласының ішкі нарықты негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ете алмауына қатысты айтылып жатқан сөз өте өділ. Өндірістің шығындардан бөлек, маусымдық қымбатшылық пен делдалдық өрекеттердің ашық болмауы баға белгілеудің негізгі факторлары болып табылады. Аты айтып тұрғандай, тасымалға маусымдық болжам жасауға болады. Демек, оны реттеуге де болады деген сөз. Аталған мәселені шешудің жолы — келесі маусымға дейін өнім сақтайтын заманауи өрі қолжетімді инфрақұрылым қалыптастыру. Көкөніс сақтайтын қоймалар салу және жаңғырту жөнінде бірнеше рет тапсырма берілді. Бірақ жағдай жақсарған жоқ. Бұл проблеманы жүйелі шешу керек. Үкіметке өкімдермен бірлесіп, көкөніс сақтайтын қоймалар салу және жаңғырту жоспарын өзірлеуді тапсырамын. Осы мақсатты қолдау үшін біздің көптеген бағдарламаларымыздан қаржы бөліңіздер, — деді Мемлекет басшысы.

Үкіметке «Атамеке» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұрудың қазіргі тетіктерінің тиімділігін бағалау және жаңа өрі тиімді шаралар топтамасын ұсыну тапсырылды. Қасым-

Жомарт Тоқаев нарықты өзіне ыңғайлап алатын, өндірушілер мен тұтынушылардың есебінен үстеме пайда табатын жасырын делдалдардың көбеюіне жол бермеу қажеттігін айтты. Оның пікірінше, өңірлерде осындай делдалдық өрекеттерді тергеп-тексеру бойынша комиссиялар құру қажет.

Мемлекет басшысы шаруаларды жемшөппен қамтамасыз етуді тағы бір алаңдатып отырған мәселе ретінде атап өтті. Оның айтуынша, ауарайынғы қолайсыздығынан және болжам жасау жұмысының тиімсіздігінен ахуал ұшығып кеткен. Бір ғана Маңғыстаудың өзінде 3 мыңға жуық мал қырылып қалған.

— Өкімдіктердің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің тарапынан дұрыс шешім қабылданбаған. Жүйелі өрі нақты жұмыс атқарылмаған. Соның кесірінен шаруаларымыз тығырыққа тіреліп отыр. Нақты іс-әрекет пен кері байланыс жоқ. Сондықтан фермерлер көмек сұрап, тікелей маған өтініш айтуда. Өрине, қуаңшылық — табиғи жағдай. Мұны жақсы түсінемін. Дегенмен бұл мәселенің бір жағы ғана. Ең алдымен, осындай күрделі кезеңде тиісті министрлік шұғыл және батыл шешімдер қабылдауы қажет еді. Бірақ министрлік бұл жұмысты тиімді ұйымдастыра алған жоқ. Сондықтан осы салаға бірден-бір жауапты тұлға ретінде министр Сапархан Омаровтың отставкаға кеткені дұрыс деп есептеймін.

Үкіметтің төтенше жағдайға арналған резервін пайдаланыңыздар, қажетті көмекті беріңіздер. Жалпы, Республикалық штаб жедел жұмыс жүргізуі керек. Қабылданған шаралардың барлығы фермерлерге анық өрі түсінікті болуға тиіс.

Мына нәрсеке назар аударғым келеді: мемлекет міндетті түрде қажетті көмекті көрсетеді, сондай-ақ шаруалар да ортақ жұмысқа атсалысуы қажет. Ең алдымен, қиындыққа тап болған өңірлерге жемшөпті жедел жеткізіп, малдың қырылуын тоқтату керек. Төтенше шара ретінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан шұғыл жинау мүмкіндігін қарастырып жөн. Өкінішке қарай, біздің елімізден бөлек, басқа аймақтардағы ауа райы да қолайсыз болып тұр. Соның салдарынан көршілес мемлекеттерде жемшөпке деген сұраныс күрт артуы мүмкін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкімет пен өкімдерге «Бейтерек» холдингімен бірлесіп, зиян шеккен фермерлерге қолдау көрсету үшін шұғыл түрде кешенді шаралар өзірлеу жөнінде тапсырма берді. Сондай-ақ жемшөпті елден тысқары жерлерге шығаруға уақытша тыйым салу мәселесін қарастыру тапсырды.

Мемлекет басшысы құрылыс материалдары мен жылжымайтын мүлік бағасының өсуі байқалып отырғандығын, кейбір позициялар бойынша жыл басынан бергі өсім 100 пайызға жуықтағанын атап көрсетті.

— Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттік құрылыс материалдары нарығына талдау жүргізеді. Тексеріс барысында қазіргі өзінде өзара ымыраласушылық пен бәсекелестікке жатпайтын іс-әрекеттер анықталып жатыр. Агенттіктің оған ден қоюы барынша қатан болуға тиіс. Менің Өкімшілігім бұл мәселені бақылауда ұстайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жайылымдық жерлерді пайдалану мәселесінде де тоқталды.

— Жалпы, бұл өте күрделі мәселе болып тұр. Негізгі себеп — өкімдіктер тарапынан тиісті бақылаудың болмауы.

Қазір мал жаю үшін 29 миллион гектар жер қажет. Соған қарамастан, шаруа қожалықтары 33 миллион гектар жерді пайдаланбай отыр.

Ауылдық округтердің 80 пайызында жайылымдық жер тапшы. Бұл өсіресе Түркістан, Алматы және Қызылорда облыстарында айқын сезіліп отыр. Үкімет пен облыс өкімдері прокуратура органдарымен бірлесіп, игерілмей жатқан жайылымдық жерлерді ауыл тұрғындарына қайтарып беру ісін қолға алуы керек. Осыған баса мән берген жөн.

Үкімет ғарыштан мониторинг жүргізу тәсілін жетілдіріп, оның ауқымын кеңейтіу керек. Осы маңызды жұмысты Президенттің тапсырмасымен ғана емес, тұрақты түрде атқару керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тұрғындарды таза ауызсумен қамтамасыз ету мәселесінде де көтерді.

— Бүгінде 700 мыңнан астам тұрғыны бар 1922 ауыл таза ауызсуға зәру болып отыр. Қостанай облысы тұрғындарының 35 пайызы, Шығыс

Қазақстан, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстары тұрғындарының 20 пайызға жуығы сапасыз су ішіп отыр.

Суды тұтыну көлемі артқан сайын су инфрақұрылымы да ескіріп бара жатыр. Еліміз бойынша сумен қамтамасыз ететін нысандардың 22 пайыздан астамы тозған.

Атап айтқанда, Алматы қаласында — 58 пайыз, Шығыс Қазақстан облысында — 42 пайыз, Жамбыл облысында — 36 пайыз, Қарағанды облысында — 34 пайыз.

Жауапсыз кәсіпкерлердің кесірінен ауыл тұрғындары суға ескіріп болып отыр. Мұндай деректер жиілеп кетті. Өкінішке қарай, бұған жергілікті атқарушы органдар жол беруде.

Мысалы, Түркістан облысында Біркөлкі, Екпінді және Қорған ауылдарының тұрғындарына арналған ауызсуды демалыс орындары бассейнді толтыру үшін пайдаланған. Сөйтіп, халыққа су бермей қойған. Бұған тиісті бақылау жасамаған жергілікті билік кінәлі. Ауызсудың тапшылығына жер қойнауын пайдаланушылардың өрекеті де себеп болып отыр. Кен орындарын игеру кезінде ауыл тұрғындарын сумен қамтамасыз етіп отырған өзендер тартылып, бұлақтар сарқылып жатыр. Мұндай жағдайға Батыс Қазақстан, Ақмола және Түркістан облыстары тап болуда.

Үкіметке облыс өкімдерімен бірлесіп, осындай деректерді түгел анықтап, тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын. Сондай-ақ болашақта оған жол бермеу үшін бақылау жүйесін өзірлеу қажет.

Тиісті ұлттық жоба аясында сумен қамтамасыз ету мәселелері кешенді түрде шешіледі деп сенемін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы елді мекендерді қоқыстан тазарту мәселесінде де назар аударды.

— Бір жыл бұрын мен бейберекет үйілген қоқыс орындарына қатысты жүйелі шаралар қабылдау жөнінде тапсырма бердім. Өкінішке қарай, бұл мәселе елі шұмыш таппай отыр. Кейбір тұрмыстық қалдықтарды көмуге тыйым салып, тығырыққа тірелді: көмуге де болмайды, арнаулы орындар да жетіспейді. Осы түйткілді шұғыл өрі жүйелі түрде шешу қажет.

Үкіметке рұқсатсыз қоқыс төккендерді анықтау және жазалау шараларын күшейтуді тапсырамын.

Өсіресе құрылыс компаниялары мен қоқыс шығаратын компанияларды жіті бақылауда ұстау қажет. Бұл жұмысқа қоғам өкілдерін және экобелсенділерді тартқан жөн. Телефон арқылы «жедел хабар» желісін іске қосау қажет. Сондай-ақ келіп түскен хабарламаларды шұғыл өңдеп, атқарылған жұмыстың нәтижесі туралы ақпарат беру үшін цифрлы тесілдерді қолдану керек.

Бұған қоса Үкімет өкімдермен бірлесіп, ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын заңды түрде шығаруға қажетті жағдай жасауға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тұрғындардың нақты өрі номиналды табысының өсімі азайып, табыс түрлеріндегі өзгерістер де көңіл көншітпейтінін айтты. Сондай-ақ Президент зейнетақы, жәрдемақы және шөкірттақы сияқты әлеуметтік трансфертер арқылымен, еңбек табысы азайып бара жатқанына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағытта шұғыл өрі ауқымды шаралар қабылдауды тапсырды. Бұл шаралар еңбек табысы мен кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түсетін табысты арттырып, көлеңкелі экономиканың ауқымын азайтуға және басқа да бастамаларды қамтуға тиіс.

— Ауылдың ахуалына баса назар аудару қажет. Менің тапсырмам бойынша Жамбыл облысында ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі қанатқақты жоба жүзеге асырылды. Нәтижесі жаман емес — ауыл шаруашылығы өнімін өндіру екі есе артты, мал басы 24 пайызға өсті. Жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алатындар, тіркелмей өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны азайды. Үкімет бұл жобаның ауқымын кеңейту мүмкіндігін қарастыруы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, жол жөндеу жұмыстарының сапасына байланысты айтылғаны сындар орынды. Бұл өсіресе ақылы жолдарға қатысты өзекті болып отыр.

— Жуырда алысқа жүк тасымалдайтын жүргізушілер наразылық білдірді. Ақылы жолдарды енгізу — өлемдік тәжірибеге сай дұрыс шешім. Алайда біз сияқты жер көлемі үлкен елде тек бюджет есебінен жол салу мүмкін емес. Оның үстіне Қазақстан жүк тасымалынан пайда табуы керек.

Бірақ ол үшін сапалы жолдар салынып, жол бойында жоғары деңгейде қызмет көрсетілуі керек. Бизнес пен азаматтар жол инфрақұрылымының жаңа сапасын сезінуі қажет. Үкімет аталған мәселені ерекше бақылауға алғаны жөн, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Энергетика министрлігі мен «Самұрық Қазына» қорына, соның ішінде «Қазмұнайгаз» компаниясына жанар-жағармай нарығына ықпал ететін мұнай өңдеу зауыттарындағы ахуалды қатаң бақылауға алуды, сондай-ақ Үкіметке Қормен бірлесіп, Атырау мұнай өңдеу зауытының жоспардан тыс тоқтап қалуына байланысты жағдайға кінәлілерді жауапқа тарту жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. Қаржылық мониторинг агенттігі мен Есеп комитеті қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында қаржыны жылыстатуға байланысты астыртын өрекеттердің бар-жоғын тексеріп, оның нәтижесі туралы қыркүйектің басында есеп беруге тиіс.

Жыын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік апараты жұмысының сапасы туралы айтты. Мемлекеттік қызметшілер еліміз үшін осындай сын сағатта жудырықтай жұмылып, батыл қадамдарға барып, өздерінің қарым-қабілеттерін көрсетіп, шұғыл шешімдер қабылдауы қажет екенін мәлімдеді.

Экономикаға оң серпін бар

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Премьер-Министр Асқар Мамин биыл бірінші жартыжылдықта Үкімет экономиканы қалпына келтіру және оны өрі орнықты өсу серпініне шығару, халық пен бизнеске қажетті қолдау көрсету жұмыстары жайлы баяндады. Оның айтуынша, қазіргі жаңа болмыста экономиканы ынталандырудың барлық құралын кешенді түрде пайдалану экономикалық белсенділікті қолдауға мүмкіндік берді.

— Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры сынды халықаралық ұйымдар биыл өлемдік экономиканың қалпына келуі қарқыны жоғары болды деп жоспарлап отыр. Осы тұрғыдан тауар нарықтарындағы бағалар өсуде. Жыл басынан бері мұнай 44%-ға қымбаттап, барреліне 73 долларға дейін жетті. Металл бағасы да өсті.

Жаһандық және өңірлік өндірістік пен сауда байланыстарының бұзылуына климаттық жағдайлардың өзгеруіне байланысты соңғы 10 жылда азық-түліктің өлемдік бағасы қарқынды өсуде. Маусым айының қорытынды бойынша азық-түліктің өлемдік бағасы шамамен 34%-ға өсті, — деді Үкімет басшысы. Ол өлемдік инфляцияның өсуі, қаржы нарықтарындағы тұрақсыздық, сондай-ақ вирустың жаңа мутацияларының пайда болуы жағдайында жаһандық экономикадағы белгісіздік жоғары деңгейде қалып отырғанын да тілге тиек етті.

Дер кезінде қабылданған шаралар нәтижесінде биыл сәуірде экономиканың өсу қарқыны былтырғы наурыз айынан бері тұңғыш рет оң нәтиже беріп, бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 2,2% болды.

— Инвестициялар тартудың нысаналы бағыттарының өзгеруі кен өндірімнің салалардағы инвестициялық белсенділіктің жоғары болуын қамтамасыз етуде. Нәтижесінде негізгі капиталға инвестициялар 23,9%-ға өсті. Халықтың нақты кірісі, инфляцияны шегергенде қаңтар-мамырда 1,7%-ға ұлғайды, — деді А.Мамин.

Үкімет басшысының айтуынша, жылдық инфляция 7,9%-ды құрады. Инфляцияны жеделдеткен негізгі фактор — азық-түлік тауарлары бағасының өсуі.

— Сыртқы нарықтардағы ахуал тұрақтанып келе жатқандықтан, импорт алмастыру және экспортты дамыту бойынша қабылдап жатқан шаралар биыл алғашқы 5 айда сауда балансының оң сальдосын 7 миллиард доллар деңгейінде сақтауға мүмкіндік береді. Сыртқы сауда айналымы 36,4 миллиард доллар деңгейінде қалыптасты. Экспорт көлемі 21,7 миллиард доллар, ал импорт көлемі 14,7 миллиард долларға жетті. Ал өңделген тауарлар экспорты 23,4%-ға өсіп, 7,2 миллиард долларға дейін жетті.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік бюджет кірістері жоспарға қатысты 107,5% орындалды. Ал республикалық бюджет кірістері — 101%, жергілікті бюджеттер 120,3% орындалды.

Мемлекеттік бюджет шығыстары жоспарға қатысты 99,6% орындалды. Республикалық бюджет шығыстары — 99,9%, ал жергілікті бюджеттер 99,6% орындалды.

Пандемия жағдайында нақты сектор экономиканың тұрақтылық факторына айналып, өзінің бөсекте

қабілетті екенін көрсетті. Өңдеуші сектордың 5,6%-ға өскенінің арқасында өнеркәсіптің оң өсу қарқыны 1,5% деңгейінде қамтамасыз етілуде.

Фармацевтикалық өнім — 31,1%, машина жасау — 22,1%, оның ішінде автомобиль жасау — 32%, вагондар мен локомотивтер — 37,5%, құрылыс материалдары — 19,5%, киім 19,5% және жиһаз өндірісінде 19% пайыз деңгейінде серпінді өсу қамтамасыз етілді, — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы келтірген деректерге сәйкес ОПЕК плюс келісімі бойынша міндеттемелерді орындау аясында мұнай өндіруді 5,3%-ға қысқаруына байланысты тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі серпіннің 3%-ға шектелуі байқалды.

— 2004 жылдан бері алғаш рет экономика құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібінен асып түсті. Құрылыс секторында жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік. Жартыжылдықтың қорытындысы бойынша өсім 11,9% болды.

6,6 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,3%-ға жоғары. Ауыл шаруашылығындағы 3,2% деңгейіндегі өсім мал шаруашылығындағы өндіріс көлемін 3,4% ұлғайту есебінен болып отыр, — деді А.Мамин.

Әлеуметтік сапа қызметкерлерінің жапақасы арпақты

Үкімет басшысы кеңейтілген отырыста 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 4,4 млрд доллар тікелей шетел инвестициясы тартылғанын атап өтті.

— Биыл алдымызға өршіл міндет жүктеп отырмыз. Ол — негізгі капиталға инвестиция көлемін ІЖӨ-нің 20 пайызына дейінгі деңгейге, тікелей шетел инвестициясын 19 миллиард долларға жеткізу. Жартыжылдықтың қорытындысында өңірлердің басым бөлігінде жоғары инвестициялық белсенділік байқалады. Ең үздік көрсеткіш Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарында, сонымен қатар Алматы қаласында. Төмендеу Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарында тіркелді, — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысының атап өтуінше, тұтастай алғанда негізгі капиталға инвестиция көлемі осы жылдың 6 айында 5,2 трлн теңгені құрап отыр. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижесінде тікелей шетелдік инвестицияның көлемі 4,4 млрд долларға жетіп, 10 пайызға өскен.

Ауылдық жерлерде тұрмыс сапасын жақсарту мақсатында «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында 2021 жылы 480 ауыл жаңғыртылады. 106 млрд теңгеге 1140 жобаның іске асырылуы жоспарланған.

Жобалардың басым бөлігі Түркістан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында қолға алынбақ. Үкіметтің экономиканы сапалы дамыту мақсатындағы бағамы бойынша кешенді жұмыс жүргізіп жатқаны да мәлім болды.

— Интернет трафігі 2020 жылы 6 800 петабайт болса, есепті кезеңде 132 пайызға артып, 15 800 петабайтқа дейін өсетін болады. Азаматтар смартфон арқылы алатын қызметтердің түрлері 3 есе өсіп, 150 қызметті құрайды.

Жыл соңына дейін әлеуметтік қызметтер 100% проактивті форматта берілетін болады. Жоспарланған шараларды іске асыру нәтижесінде, биыл қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейі 80%-ға дейін ұлғайтылады. Нарықта 150 жаңа стартап жұмыс істемек. Датаорталықтарды дамытуға 88 миллиард теңге инвестицияланады, — деді Асқар Мамин.

Сонымен қатар білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту үшін биылғы жылдың соңына дейін 1015 мектеп жаңғыртылып, 200 мектептің құрылысы аяқталмақ, 14,3 мың орынға арналған 48 жатақхана пайдалануға беріледі.

— Ғылымды дамыту мақсатында ғалымдардың тағылымдамасы үшін 500 грант, ғылыми жобалар үшін 1000 грант беріледі. 535 колледж, 5,5 мың кәсіпорын мен ұйымдар дуальды оқытумен қамтылады, жалпы студент саны — 58 мың, — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы педагогтер мен денсаулық сақтау қызметкерлерінің жалақысы көбейтілетінін мәлімдеді.

— Бюджет сапасы қызметкерлерінің жалақысын көтеру биыл да жалғасатын болады. 600 мың педагогтің жалақысы 25 пайызға, 247 мың медицина қызметкерінің еңбекақысы біліктілік деңгейіне байланысты 20-дан 30 пайызға дейін көтерілуі

қамтамасыз етіледі, — деді Премьер-Министр.

— Үкімет басшысының мәлімдеуінше, әлеуметтік қызметкерлердің, нақты айтқанда, 21 мың адамның лауазымдық жалақысы 50 пайызға артады.

Үкімет биылғы жылы бірқатар нысаналы көрсеткішке қол жеткізу үшін белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл — экономиканың өсу деңгейін 3,7-4% аралығында қамтамасыз ету. Осы ретте 8 трлн теңгеге 145 инвестициялық жобаны іске асыру, 17 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ ауызсумен қамту да басты назарда, — деді Асқар Мамин.

Вақцина сапырғудың оң әсері бар

Бұдан кейін Ұлттық Банк төрағасы Ерболат Досаев сөз алып, елдегі қаржылық ахуалға қатысты бірқатар маңызды мәліметпен бөлісті.

— Жыл басынан бастап, жекелеген тұтыну нарықтарындағы теңгерімсіздік нәтижесінде инфляция 2021 жылғы маусымда 7,9 пайыз болды. Орта мерзімді перспективада инфляцияны тұрақтандыру үшін Ұлттық Банк наурызда монетарлық негіздерді күшейтуге, қаржы нарығын дамытуға және экономикада құрылымдық реформалар жүргізуге бағытталған ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясын бекітті.

Макроэкономикалық дамуы қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк биылғы бірінші жартыжылдықта ішкі на

Сәунау 2021

ЕКІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІҢ ӘКІМІН ХАЛҚЫ ТАҢДАЙДЫ!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БЫЛТЫР 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕП ЖОЛДАУЫНДА АУЫЛ ӘКІМДЕРІН ТІКЕЛЕЙ САЙЛАУ ТУРАЛЫ БАСТАМА КӨТЕРГЕНІ БЕЛГІЛІ. ОСЫ ОРАЙДА АРНАЙЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ НА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ СӨЙКЕС, 25 ШІЛДЕ КҮНІ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРІНДЕ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІНІҢ ОРНЫНАН САЙЛАУ ӨТКІЗІЛГЕЛІ ОТЫР. СОНДЫҚТАН, БІЗ ОСЫ САЯСИ НАУҚАН ҚАРСАҢЫНДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАФАСЫ БЕРІК ТӨЛЕУҰЛЫ БИСКЕНОВПЕН СҰХБАТТАСТЫҚ.

Сұрақ: Берік Төлеуұлы, Мемлекет басшысы Қ-Ж. К.Тоқаев осы жылдың 24 мамырында Сайлау туралы Конституциялық заңға өзгерістер енгізу туралы Жарлыққа қол қойғаны баршаға мәлім. Осы тұрғыда қандай өзгерістер енгізілгені туралы айтып өтсеңіз?



Жауап: Иә, 24 мамырда Президент Қ-Ж.Тоқаев Сайлау туралы Конституциялық заңға өзгерістер енгізу туралы Жарлыққа қол қойды, ол заң 4 маусымнан бастап күшіне енді. Заңға енгізілген негізгі өзгерістер, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округ әкімдерін халықтың дауыс беруі арқылы тікелей сайлау, саяси партиялардың тіркелуі үшін шекті мөлшер 7 пайыздан 5 пайызға төмендетілді, сондай-ақ сайлау бюллетенінде «барлық кандидатқа қарсымын» деген жол бар.

Сұрақ: Жалпы республика бойынша аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округ әкімдерін сайлау ағымдағы жылдың 25 шілдесіне тағайындалғаны белгілі, біздің ауданда қандай ауылдық округтердің әкімдерінің сайлауы өтеді және осы бағытта қандай жұмыстар жасалып жатқаны туралы айтып өтсеңіз?

Жауап: Осы жылдың 25 маусымында аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округ әкімдерін сайлау комиссиясы өзінің қаулысымен Конституциялық өкілеттіктері 8 тамызда аяқталатын аудандағы Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын 25 шілдеге тағайындады. Соған сөйкес аталған ауылдық округтер бойынша 2 сайлау округі құрылып, сайлауды өзірлеу мен өткізу жөніндегі Күңтізбелік жоспар бекітілді. Осы сайлауды өткізу үшін аудан бойынша 7 мүшесі бар аудандық маңызы бар 40 мүшесі бар 8 уәкілетті сайлау комиссиялары 25 маусымнан бастап жұмыс жасап жатыр.

Сұрақ: Кандидаттарды ұсыну қандай жолмен және қандай мерзімде жүреді? Осылар туралы айтыңыз.

Жауап: Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге сөйкес, кандидаттарды ұсыну 3 түрлі жолмен жүреді, яғни саяси партиялардың ұсынуымен, азаматтардың өзін-өзі ұсыну жолымен, сондай-ақ ұсыну мерзімі аяқталған күнге кандидат ұсынылмаса немесе 1 кандидаттан ұсыныс түссе аудан әкімі жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу арқылы 2 немесе 1 кандидат ұсынуға құқылы. Кандидаттарды ұсыну сайлау тағайындалған күннен кейінгі келесі күні басталып, сайлау күніне 15 күн қалған күні сағат 18.00-де аяқталады. Бүгінгі күнге жоғарыда айтылған 2 округке 8 кандидат ұсынылды, олар «Nur Otan» партиясынан-2, «ADAL» саяси партиясынан-1, «Ауыл» ХДПП-нан-1, «Ақжол» ҚДП-нан-1 және 4 азамат өзін-өзі ұсынды, 2 кандидат мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың талабына сөйкес келмеді. Аумақтық сайлау комиссиясы 6 кандидатты тіркеді. Олар туралы хабар аудан әкімдігінің интернет-бетінде және аудандық газетте жарияланды.

Сұрақ: Үгіт науқаны қашан басталады?

Жауап: Үгіт науқаны кандидаттар тіркеу аяқталған күннен яғни 14 шілде күні 18.00-ден кейін басталып, 24 шілде күні 00.00 сағатта аяқталады. Қазіргі таңда аудан бойынша үгіт материалдарын орналастыратын және кандидаттардың сайлаушылармен кездесу орындары белгіленіп, жарияланды. Кандидаттардың сенім білдірген адамдары ертеңнен, яғни 15 шілдеден бастап үгіт жұмыстарын жүргізеді.

Сұхбатты жүргізген: С.ХАМЗИН.

АҚТӨБЕДЕ КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ВАКЦИНА АЛУШЫЛАРҒА АЛҒАШҚЫ СЫЙЛЫҚТАР ТАБЫСТАЛДЫ

Ақтөбе облысында халықты Covid-19-ға қарсы вакцина алуға ынталандыру мақсатында «Екпе ал да - автокөлік ұтып ал» акциясы өтуде. Акция 25 маусымда басталып, 25 қыркүйекте аяқталатын болады. Ұтыс өр жексенбіде «Aqtobe» телеарнасының тікелей эфирінде ойнатылады. Осыған орай, 25 маусымнан бастап вакцина алушылар арасында смартфон, планшет, спорттық велосипед пен робот-шансоргыш сияқты сыйлықтарды иеленген 12 жеңімпаз анықталды. Жеңімпаздарға сыйлықтарды облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Рустем Исаев табыс етті.

Акция аясында барлығы 96 бағалы сыйлық ойнатылмақ. Бас жүлде - «Chevrolet» маркалы екі автокөлік. Ақтөбе облысының аумағында 25 маусымнан бастап Covid-19-ға қарсы вакцинацияның бірінші компонентін алғандар автоматты түрде акцияға қатысушы болып саналатынын атап өту керек. Екпе алғаннан кейін оларға жеңімпазды анықтайтын бірегей код беріледі.



В АКТОБЕ ВРУЧИЛИ ПЕРВЫЕ ПОДАРКИ ЗА ВАКЦИНАЦИЮ ОТ КОРОНАВИРУСА

В Актюбинской области в целях стимулирования населения к вакцинации против Covid-19 проходит акция «Получи вакцину-выиграй автомобиль». Акция началась 25 июня и завершится 25 сентября этого года. Розыгрыши будут проходить каждое воскресенье в прямом эфире телеканала «Aqtobe». Первый розыгрыш состоялся 11 июля. Были определены 12 победителей, ставшие обладателями смартфонов, планшетов, спортивных велосипедов и роботопылесосов. Сегодня подарки им вручил руководитель областного управ-

ления здравоохранения Рустем Исаев. Всего в рамках акции будет разыграно 96 ценных призов, главные – два новых автомобиля марки «Chevrolet». Необходимо отметить, что участниками акции автоматически становятся граждане старше 18 лет, получившие первый компонент любой из вакцин против Covid-19 на территории Актюбинской области с 25 июня. После вакцинации им присваивается уникальный код, по которому и определяется победитель.

АУЫЛ ӘКІМІН ӨЗІМІЗ ТАҢДАЙМЫЗ!

Биылдан бастап ауыл әкімдерін тұрғындардың тікелей таңдауына мүмкіндік берілуі шын мәнінде демократиялық қадам деп бағалауға болады. Яғни, бұл «бақыт» биыл Көптоғай ауылының тұрғындарына «қонып тұр».

Жаңа заңға сөйкес, енді елді-мекендердің басшысын жергілікті халық жасырын дауыс беру арқылы сайлайды. Ал үміткерді саяси партиялардың рөлін кеңейту мен дамытуға бағытталған отырғанын түсінеміз. Ауыл әкімдері үшін оны ұсынған саяси партия жауапты болады. Осылайша, өкімнің жұмысы бір адамның емес, бүкіл саяси партияның жауапкершілігі болады. Яғни, ауыл әкімі болғыңыз келсе, белгілі бір партияға барып, сайлауға қатысуға ниет білдіресіз. Егер саяси ұйым сіздің кандидатураныңды құптап, қолдаса, додаға қосады. Сайлауда жұрт жасырын дауыс беру арқылы таңдау жасайды. Жеңіске жеткен азамат елді-мекенді 4 жыл басқарады.

Жасыратыны жоқ, осыған дейін ауыл басшысын аудан әкімі мәслихат депутаттарымен ақылдасып «тағайындады». Яғни, бір аудандағы ат төбеліндей депутаттардың тұтас бір ауылдың өкімін сайлауын осылай демексе лаж жоқ. Демек, бұл демократиялық қоғамда биліктің қайнар көзі – халық, - деген ұғымға ұмтылыс.

Бүгінгі күні біздің ауылды алдағы төрт жылда басқаруға ұмтылып отырған үш азаматтың тіркелгендігі туралы хабарды жергілікті баспасөз бетінен оқып отырмыз. Үгіт жұмыстары басталған уақытта олардың бағдарламаларымен танысып, таңдауымызды жасайтын боламыз.

Енді өз өкімімізді өзіміз таңдауға мүмкіндік тұғанда ауылдастарымды «Менің бір дауысым нені шешеді дейсің, біз барған күннің өзінде ештеңе өзгермейді. Сайланатын адам белгілі ғой» - деп алдың-ала тон пішіп отырмыр, алдағы ауыл өкімін сайлауға бір кісідей шақырамын!

Ермек НИЯЗОВ, Көптоғай ауылы, Ойыл ауданы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР, АУЫЛДАР, КЕНТТЕР, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫ

2021 жылғы 25 шілде

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сөйкес 2021 жылғы 25 шілдедегі Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерінің сайлауында осы округтердегі сайлаушылардың дауыс беруі жөніндегі уақыт бойынша сағат 7.00-де басталып 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өткізілетінін хабарлайды:

қ/с	Сайлау учаскелерінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
Көптоғай ауылдық округі бойынша		
1.	399	Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (713 32) 73-4-90
2.	400	Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (713 32) 73-4-89
3.	401	Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (713 32) 74-5-11
4.	402	Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (713 32) 73-4-93
Саралжын ауылдық округі бойынша		
5.	408	Кемер ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (713 32) 74-1-45
6.	409	Шикүдық ауылы, Мектеп көшесі 16, Теректі негізгі мектебі ғимараты, телефон: 8 (713 32) 74-1-43
7.	410	Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Тайсойған ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (713 59) 43-4-30
8.	411	Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (713 32) 74-0-82

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ГҮЛДЕНСЕ АУЫЛ – ГҮЛДЕНЕМІЗ БӘРІМІЗ!



Бұған дейін ауыл әкімдерін сайлау жергілікті мәслихат пен аудан әкімдерінің ұсынысы бойынша тағайындалатын. Жоғарыдан тағайындаумен келген ауыл әкімдері халық алдындағы жауапкершілігін және жете сезінбейді, өрі жеке бюджеті болмайды. Осыдан соң жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі дамымай қалды. Енді жанама жүйе жойылып, мүмкіндік халықтың қалауына беріліп отыр. Бұл жахан үрдісімен келген демократиялық қадам.

Осыдан 4-5 жыл бұрынғы Алматы, Оңтүстік Қазақстан облысында тәжірибе ретінде ішара өткізілген ауыл әкімдерінің асығыстау сайлауы өз нәтижесін бермеді. Дегенмен, жіберілген қателіктер ескеріліп, одан бергі жылдары заңнама да, тәжірибе де халықтың таңдау талғамы да толысты. Сол себепті қазіргі кезде қоғам да, мемлекет те бұл саяси науқанды бастауға дайын. Мемлекеттік қызметкерлердің білімін көтеру, тәрбиелеу жүйесі болудың белгілі бір деңгейіне жетті деуге негіз бар. Оның үстіне адам санына қарай көптеген ауылдар 4-деңгейлі бюджетке енген.

Өз ісіне берілген, халық алдындағы жауапкершілігін жете сезінген қазіргі әкімдерде қолға алған істерін аудан әкімдерінің қолдауымен орындауға күрделі проблемалар жоқ.

Жуықта ауылға Ақтөбе облыстық мәслихатының хатшысы А.Нұғманов, депутаттар С.Шынтақова, Т.Салфиқов, Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Қ.Еспағанбетов бастаған депутаттар мен облыс экономика саласының басшылары мен мамандары халықпен кездесті, жоғарыда жазылған атқарылған және атқарылатын жұмыстармен танысып, ауыл өкімінің жұмысына, оған аудан әкімі тарапынан көрсетіліп отырған қолдау мен қамқорлықты жоғары бағалады. Облыстық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы мен қақорлықты өз арасында халықтың қазіргі өкімді қайта сайлауға ниетті екеніне зор ризалық білдірді. «Егер облыстағы 141 ауылдық округтің бәрінде осындай жұмыстар атқарылып, елдің ынтымақ – бірлігі осы Саралжынғадай болса облысымыз қазіргіден де жақсы болып кетер еді» - деп сөзін қорытындылады.

Дегенмен, сыни тұрғыдан, жоғары талап деңгейіне қарасақ қазірде ауыл әкімдерінің қазырында ешқандай ауылшаруашылық техникасы жоқ. Сондықтан өкімдер қыста ауылдың қарын ашып, құл-қоқысын шығаруға, көктемде су тасқынына қамдануға шаруа қожалықтарының көмегіне жүгініп, солардың техникасын қолданады. «Кісідегің кілті - аспанда»екені түсінікті. Демек, ауыл өкімі сол өңірдегі кәсіпкерлерге, шаруашылық иесіне кіріптар. Аталған кіріптарықтан шығудың тетігі – ауыл (ен болмағанда аудан) өкімдігі жанынан ауылшаруашылық жұмысына арналған кем дегенде 3-4 дана техникасы бар коммуналдық мекеме ашу. Осындай қызметті қажет ететін жеке кәсіпкерлер мен субъектілерге сол техниканы жолға берсе ауыл бюджетіне қосымша қаражат түседі. Аудан өкімдігі биыл сайланатын ауыл әкімдеріне қолдау көрсету мақсатында осы тәжірибені іске асырса мақұл болар еді.

Қорыта келгенде, классик жазушымыз Бейімбет Майлин осыдан 90 жыл бұрын «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» деп жайдан-жай айта салған жоқ. Өйткені, ауыл деген – қазақ. Ауылдың жағдайы жақсы болса, қазақтың да жағдайы жақсы, қала халқының жағдайы да жақсы болмақ. Ауылсыз – күн көре алмайды, қала халқының асыраушысы – ауыл. Қаланы қанша көркемдесен де, оның ажары ас болмайды. Бұл – классикалық аксиома. Сондықтан мемлекет пен үкімет басшылығы ауылдың жағдайына, ауылдың халқына бірінші кезекте көңіл бөліп, жағдай жасауы тиіс.

Жақсылық БИСАЛИЕВ, Саралжын ауылдық округі қоғамдық кеңесінің мүшесі.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНДА ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Қоғамдық мал басын өсіру, одан алынатын өнімдерді арттыру ең бірінші шаруашылықтың жоғары сапалы жем-шөппен қамтамасыз етілуіне байланысты. Мол да сапалы табиғи мал азығын дайындауға еңбекті механикаландыру дәрежесі елеулі түрде ықпал етеді. Сондықтан шаруа қожалықтардың басшылар науқан басталмас бұрын техниканы жөндеуден өткізіп, сапқа қоюға баса көңіл бөлу қажет. Мал азығын дайындау кезінде ысырапқа жол бермеудің үлкен маңызы бар. Сондықтан, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін шараларын қатаң сақтау керек екендігін естен шығармаймыз.

Атап айтқанда олар мыналар:
– жұмылдырылатын техникаларды жарықты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау;

– агрегатта және оның айналасында темекі тартуға тыйым салу, темекі тарту үшін арнайы орын бөлу; – тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықталуы;

– электр-газ дәнекерлеуіш қолдану кезінде жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда жүргізу;

– ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындей етіп орындау;

– Ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады;

– Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындау. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқарытылады;

Мыналарға:
1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;

2) электр жеткізу желілерінің астына;

3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта жөп шошқатарын, шөмелкелерді, ірі жемшөп маяларын, өзге де жанғыш заттар

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

мен материалдарды жинауға жол берілмейді. Бұл ережелер мал азығын дайындауға атсалысып жүрген өрбір қожалық мүшелерімен жұмысшыларға таныстырылып, оны қатаң сақтауды бақылау өрбір қожалық иелерінің міндеті.

Сондықтан да дайындалған мал азығын дайындау, тасымалдау кезінде өрт қауіпін сақтану мақсатында барлық өрт қауіпсіздік ережелерімен талаптарды қатаң сақтау қажет. Өрине, өңгіме арқауы осы байлық көздерін кездейсоқ оқиғалардың бірі – өрт қауіпін сақтау баршамыздың ортақ міндетіміз болуға тиіс. Осыған байланысты барлық жерде мал азығын дайындаумен қатар оны өрттен сақтаудың барлық шараларын қолдану қажет. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне қойылатын ережелермен талаптарды орындамау ҚР ӨҚБТ-ы бойынша өкімшілік жауапкершілікке тартыландықты ескертеміз.

Сонымен қатар автокөліктері өрт қауіпсіздігі жөнінде айта кетуді де жөн көрдік. Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электрсымдарының қысқа тұйықталуынан, ТҚС-да тұрған автокөліктерге жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде өрт-техникалық қауіпсіздігін сақтамаудан пайда болады. Сонымен қатар, автокөлік ішінде шылым шегуден де өрт оқиғалары жиі пайда болады.

ТЖ саласының мамандары автокөлікте өрт пайда болған жағдайда не істеу керек екеніне назар аудартып, көлік иелеріне арналған мынадай сақтық ережелерін ұсынады. **Күрметті автокөлік иелері!** – Автокөліктеріңізді дер кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс;

– Үнемі оның дұрыс екенін қадағалаңыз, өсіресе электрсымдарға баса назар аударыңыз;

– Өзіңізбен бірге өрқашанда өрт сөндіргіш құрал болсын, оны қолжетімді жерде ұстаныңыз;

– Тәжірибе көрсеткіші бойынша өрт сөндіру кезінде автокөлігіңізге көмір қышқылды өрт сөндіргіш пайдаланған тиімді.

Есіңізде болсын! Өрт туындаған жағдайда салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөлімін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақыртып (қоңырау шалу ақысыз), маңдай термен келген еңбектеріңіз еш кетпес үшін қажетті шараларды қолданыңыз.

ЖЕЛІДЕ ДӘРІГЕРЛЕР АТЫНАН ВАКЦИНАЛАРДЫҢ ЗИЯНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАУДА

Қазнетте қарағандылық жоғары санатты дәрігер және кафедра меңгерушісі жазған аудиозаба таратылуда. Онда «Спутник-V» вакцинасын клиникалық сынаудың үшінші кезеңі маңызы жылдың мамыр айында ғана басталғаны, яғни елі аяқталмағаны туралы айтылған. Сондай-ақ, хабарлама авторы вакциналар беделікке өкеледі және денсаулыққа қауіпті деп мәлімдейді. Бұл жалған. Бұл туралы Қазақпарат stopfake.kz сайтына сілтеме жасап хабарлайды.

Қарағандыда бір ғана медицина университеті бар. Тісінінше, кафедра меңгерушілері жоғары санатты дәрігерлер сонда ғана жұмыс істейді. Алайда, Қарағанды медицина университетінің баспасөз қызметі қызметкерлердің ешқайсысы мұндай мәлімдеме жасамағанын хабарлады.

«Қолданушылардың бірі аудиозаба кафедралар меңгерушісі жазған деп айтқан. Бірақ ол біздің университеттен емес», – деп хабарлады ҚМУ

баспасөз қызметі. Хабарламаның мәтінінде де жалған мәлімдемелер бар. Біріншіден, «Спутник-V» вакцинасын клиникалық сынаудың үшінші кезеңі автор айтқандай 2021 жылдың мамыр айында емес, өткен жылдың 7 қыркүйегінде басталған. Оның қорытындылары 2021 жылғы 2 ақпанда жарияланып, бүгінде баршаға қолжетімді. Олар вакцинаның тиімділігі мен қауіпсіздігін дәлелдейді.

Екіншіден, COVID-19 қарсы вакциналар, атап айтқанда «Спутник-V», бала туу қауіпін есер етеді деп айтпау негіз жоқ. Вакцинация беделікке өкелуі мүмкін деген қауіпсіздік препаратты өзірлеушілердің өздері де, Қазақстан, Ресей және басқа елдердің жетекші мамандары да жоққа шығарды. Олардың барлығы мұндай қорқынышқа негіз жоқ және вакциналар құрамында адамның репродуктивті жүйесіне есер ететін компоненттер жоқ деп мәлімдеді.

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Бейсова Зибаш Жұмабекқызына қайын атасы

Тілектестің
қайтыс болуына байланысты ағайын тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің аға кітапханашысы Сағатова Гүлнарға қайын ағасы

Тілектестің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Ойыл аудандық білім бөлімі, аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы және директорлар корпусы Жамбыл мектеп-балабақшасының директоры Нүрзия Сәдуақасқызы Ертеміроваға ағасы

Амандықтың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл мектеп-балабақшасының ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Жамбыл мектеп-балабақшасының директоры Нүрзия Сәдуақасқызы Ертеміроваға ағасы

Амандық Сәдуақасулының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының орынбасары Жоламанова Шамшыраққа ағасы

Амандықтың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Көптоғай ауылдық клубының электригі Құрманов Самғатқа анасы

Мәруаның
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады